



«Халықаралық инженерлік-технологиялық университет» ЖШС		ТОО «Международный инженерно-технологический университет»
Мансап орталығы		Центр карьеры
ЕРЕЖЕ		ПОЛОЖЕНИЕ
Ғылыми кеңестің шешімімен бекітілген		Утверждено решением учёного совета
_____ . ____ . 20 ____ ж. № _____		№ _____ от _____ . ____ . 20 ____ г.

ТҮЛЕКТЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ



Мазмұны

1. Жалпы ережелер.....	3
2. Мақсаттар мен міндеттер.....	3
3. Қауымдастық мүшелері, олардың құқықтары мен міндеттері.....	4
4. Ұйымдық құрылым және басқару.....	4
5. Қызметін тоқтату.....	5
6. Келісім парағы.....	5

1. Жалпы ережелер

1.1. Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінің (бұдан әрі – ХИТУ, Университет) Түлектер қауымдастығы (бұдан әрі – Қауымдастық) – Университет студенттері мен түлектерінің мүдделерінің ортақтығы негізінде құрылған, өзін-өзі басқаруға негізделген ерікті қоғамдық ұйым.

1.2. Осы Ережеде Қауымдастықтың қызметінің негізгі бағыттары бекітіледі.

1.3. Қауымдастық қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, өзге де заңдар мен құқықтық актілеріне, ХИТУ Жарғысына, осы Ережеге және жалпыға танылған халықаралық қағидаттар мен нормаларға сәйкес жүзеге асырылады.

1.4. Қауымдастық ХИТУ Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен құрылады.

2. Мақсаттар мен міндеттер

2.1. Қауымдастықтың негізгі мақсаттары:

- парасаттылық, ізгілік, төзімділік және демократиялық рухты нығайту;
- ХИТУ туралы, оның дәстүрлері, тарихы мен қазіргі жағдайы жөнінде ақпаратты кеңінен тарату;
- студенттер мен түлектердің корпоративтік рухын нығайту, олардың бірлігін арттыру, әлеуметтік ілгерілеуі мен өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ету;
- түлектердің интеллектуалдық әлеуетін тиімді пайдалану, еңбек нарығында сұранысқа ие, мансаптық өсуге қабілетті кадрларды даярлау және қайта даярлауда ХИТУ мүмкіндіктерін кеңейту.

2.2. Мақсаттарға жету үшін Қауымдастық мынадай міндеттерді орындайды:

2.2.1. ХИТУ түлектері туралы деректер базасын жасайды;

2.2.2. Білім сапасын арттыруға, кәсіби, экономикалық, құқықтық және мәдени деңгейін көтеруге ықпал етеді;

2.2.3. Университетке оқу процесін және ғылыми зерттеулерді жетілдіруде көмектеседі;

2.2.4. Мәдени-тәрбие жұмысын дамытуға атсалысады;

2.2.5. Жастардың кәсіби бағдарлауына, түлектерді жұмысқа орналастыруға және әлеуметтік әріптестікті дамытуға ықпал етеді;

2.2.6. Университеттің материалдық-техникалық базасын нығайтуға көмектеседі;

2.2.7. Жаңа ақпараттық, құқықтық және жарнамалық қызмет түрлерін дамытады;

2.2.8. Түлектердің мерейтойлық кездесулерін қолдайды.

3. Қауымдастық мүшелері, олардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Қауымдастық мүшелері мынадай құқықтарға ие:

3.1.1. Қауымдастықты басқаруға қатысуға, жұмыс жоспарларын талқылауға және басқару органдарына сайлауға;

3.1.2. Ақпараттық-әдістемелік материалдарды алуға;

3.1.3. Қауымдастық көрсететін барлық қызмет түрлерін пайдалануға;

3.1.4. Қауымдастық әзірлеген ғылыми және ақпараттық материалдарды қолдануға.

3.2. Қауымдастық мүшелерінің міндеттері:

3.2.1. Қауымдастықтың алдына қойылған міндеттердің орындалуына ықпал ету;

3.2.2. Қауымдастық өткізетін іс-шараларға қатысу;

3.2.3. Қауымдастықтың Ережесін сақтау және басқару органдарының шешімдерін орындау;

3.2.4. Өз мекенжайы, жұмыс орны және лауазымы өзгерген жағдайда уақытылы хабарлау;

3.2.5. ХИТУ түлегінің ар-намысын сақтау;

3.2.6. Қауымдастық жұмысына материалдық және басқа да көмек көрсету;

3.2.7. Өз қызметін БАҚ-та жариялау;

3.2.8. Түлектер қалыптастырған тарихи-мәдени мұраны сақтау және дамыту;

3.2.9. ХИТУ дәстүрлерін ұстану.

3.3. Қауымдастыққа қабылдау және шығу жазбаша өтініш немесе университет сайтында анкетаны толтыру арқылы жүзеге асырылады.

3.4. Қауымдастық мүшелігі оның мақсаттары мен міндеттеріне қайшы келетін жағдайда тоқтатылады.

4. Ұйымдық құрылым және басқару

4.1. Қауымдастықтың жоғары басқару органы – Қауымдастық кеңесі. Кеңес жылына кемінде бір рет жиналады.

4.1.1. Кеңес төрағасы ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен сайланады.

4.1.2. Кеңес төрағасы Қауымдастықтың жалпы қызметіне жетекшілік етеді, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда оның мүдделерін білдіреді.

4.2. Атқарушы комитет:

4.2.1. Кеңес отырыстары арасындағы кезеңде қызметті жүзеге асырады;

4.2.2. Атқарушы комитет құрамы Кеңес отырысында сайланады;

4.2.3. Комитет төрағасы ашық дауыс беру арқылы сайланады;

4.2.4. Атқарушы комитет Кеңес шешімдерін жүзеге асырады және Қауымдастықтың веб-парағын жүргізеді.



5. Қызметін тоқтату

5.1. Қауымдастық өз мүшелерінің бірлескен қызметке қызығушылығы жойылған жағдайда таратылады.

5.2. Қауымдастықты тарату туралы шешім электрондық дауыс беру арқылы қабылданады.

6. Келісу парағы

Лауазымды тұлғаның/бөлімшенің атауы	Т.А.Ә.	Күні	Резолюция мәтіні	Пікір
Канцелярия				
Юрист				
Комплаенс-офицер				
Проректор				
Проректор				
Ректор				

**ШЕШІМДЕР ПАРАҒЫ/ЛИСТ РЕШЕНИЙ**

Внутренний нормативный документ (ВНД) № 33 от 03.10.2025

Жоба атауы/Наименование проекта: ПОЛОЖЕНИЕ ОБ АССОЦИАЦИИ ВЫПУСКНИКОВ**Жобаны әзірлеген және әзірлеу күні/Кем и когда внесен (разработан) проект:** Центр карьеры**Орындаушы/Исполнитель:** Жанылханова Ш.Ж., Директор центр карьеры (Центр карьеры),**Согласовано:**

№	Ф.И.О.	Наименование должности и структурного подразделения	Результат исполнения	Примечание	Дата и время исполнения
1	Джексембаев Б.М.	Комплаенс-офицер (Комплаенс-офицер)	Согласовано без ЭЦП		20.08.2025, 16:43
2	Женисова А.Ж.	Директор департамента по академическим вопросам (Департамент по академическим вопросам)	Согласовано без ЭЦП		20.08.2025, 16:58
3	Рыскелді Д.Д.	Директор департамента молодежной политики (Департамент молодежной политики)	Согласовано без ЭЦП		20.08.2025, 16:59
4	Шындалы С.Б.	Директор департамента информационных технологий (Департамент информационных технологий)	Согласовано без ЭЦП		20.08.2025, 17:01



5	Байкулбаева Д.Б.	Юрист (Аппарат Президента)	Согласовано без ЭЦП		20.08.2025, 17:39
6	Апбасбек А.Б.	Специалист (Департамент международног о сотрудничества)	Согласовано без ЭЦП		20.08.2025, 18:15
7	Кузанов Х.С.	Проректор по административ но- хозяйственной деятельности (Проректор по административ но- хозяйственной деятельности)	Согласовано без ЭЦП		21.08.2025, 11:04
8	Каруна О.Л.	Проректор по науке, инновационной политике и маркетингу (Проректор по науке, инновационной политике и маркетингу)	Согласовано без ЭЦП		21.08.2025, 11:41
9	Алдияр А.А.	Директор офис- регистратора (Офис регистратор)	Согласовано без ЭЦП		21.08.2025, 11:54
10	Қылышбай А.А.	Директор департамента маркетинга и профориентаци онной работы (Департамент маркетинга и профориентаци онной работы)	Согласовано без ЭЦП		21.08.2025, 21:34
11	Дінісламов	Директор департамента	Согласовано без		23.08.2025,



	Е.Д.	дистанционных образовательных технологий (Департамент дистанционных образовательных технологий)	ЭЦП		10:14
12	Куатова М.Ж.	Директор департамента по научно-инновационной деятельности (Департамент по научно-инновационной деятельности)	Согласовано без ЭЦП		25.08.2025, 10:35
1	Акпанбетов Д.Б.	Ректор (Ректор)	Согласовано без ЭЦП		05.09.2025, 15:38
1	Женисова А.Ж.	Директор департамента по академическим вопросам (Департамент по академическим вопросам)	Согласовано без ЭЦП	Выписка из протокола №2 от 01.10.2025	01.10.2025, 18:48